

СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАНДАНА БЕРЕДІ

Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Құрмет қарауылы салтанатпен сап түзеп қарсы алды. Содан кейін екі ел басшылары бір-біріне ілтипат білдіріп, келіссөз залына қарай өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ең алдымен мемлекеттік сапармен келуге шақырып, құрметпен қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ оны Қытай Халық Республикасының Төрағасы лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

— Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасының орны ерекше. Біздің ынтымақтастығымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты қарым-қатынасты жандандыру жолындағы мақсатымыз — ортақ. Аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайтуды көздейтін мұратымыз да бір. Біз үшін Қытаймен мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту өте маңызды, — деді Мемлекет басшысы.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің өзара қарым-қатынасты дамытуға қосқан өлшеусіз үлесін

жоғары бағалайтынын жеткізді. Сондай-ақ екі елдің ынтымақтастығын жаңа белеске көтеру үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға дайын екенін

атап өтіп, бүгінгі келіссөздер екіжақты ықпалдастыққа тын серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық ілтипат білдіріп, 70 жас мерейтойымен құттықтады.

— Осындай айтулы күні Сіз Қытайға мемлекеттік сапармен келіп отырсыз. Бұл біздің екіжақты ынтымақтастығымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді және Қытаймен тығыз байланыстарыңызды тағы да растайды. Қытай мен Қазақстан қытай-қазақ қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам басты. Біздің елдеріміз достық, өзара қолдау дәстүрін дамытып, тиімді ынтымақтастықты терендетуі қажет, — деді ҚХР Төрағасы.

Кездесу барысында тараптар екі елдің сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту, көлік-транзит әлеуетін арттыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ олар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздерден кейін Қ.Тоқаев пен Си Цзиньпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ екі ел делегациясы мүшелерінің бірқатар маңызды құжатқа қол қою рәсімі өтті.

ШЕТЕЛДІК БІЛІМ ШЫҢҒА ШЫҒАРА МА?

Биыл елімізде тағы бірнеше әлемдік университеттің филиалы ашылады. Осылайша, алдағы бес жылдың ішінде отандық жоғары білім беру саласы айтарлықтай өзгеріске ұшырамақ. Шетелдік университеттердің филиалдарын ашудың негізгі мақсаты — жастарды елімізде ұстап қалу. Алайда сарапшылардың айтуынша, филиал ашу арқылы жоғары білім саласындағы бәсеке артпайды.

институтының және С.Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университетінің базасында Губкин атындағы Ресей мұнай және газ университетінің филиалы ашылды. Жоғары білім

саласындағы өзгеріс мұнымен тоқтап қалмайды. 2029 жылға қарай тағы 9 университеттің филиалын ашу жоспарланып отыр.

(Жалғасы 6-бетте)



Қазір Алматыда Де Монтфорт Лестер Ұлыбритания университетінің филиалы жұмыс істей бастады. Ал Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Аризона университетіне сенімгерлік басқаруға берілді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Мәскеу инженерлік-физикалық

ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫ ДА ЖАРНА ТӨЛЕЙДІ

Елімізде жұмысшылардың үлкен бөлігі қорғалмаған. Арасында аутстаффинг, аутсорсинг форматында еңбек ететіндер, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, фрилансерлер, азаматтық құқықтық сипаттағы шартпен жұмыс істейтіндер бар. Мемлекет соңғы үш санатты әлеуметтік қамсыздандыруға талпыныс жасады. Биылғы 20 сәуірде Президент Әлеуметтік кодекске қол қойды. Оған сәйкес, алда өз күнін өзі көргендерден жаңа алым жинала бастайды. Олар енді әлеуметтік аударылымдар жасауға міндеттеледі. Бұл тетік компаниялар үшін тапсырма орындайтын жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын күшейте ме?

АҚС ШЫҒЫНЫ АҚША «ШЫДАТПАЙДЫ»

Әлемнің әр мемлекетіндегі әлауқат деңгейін таразылаған «Global Wealth Report—2022» сараптамалық есебіне жүгінесек, Қазақстан халқының 0,3 пайызы ғана долларлық миллионер. Яғни, республикадағы 19 млн 832 мыңнан аса тұрғынның небәрі 36,9 мыңы шын мәнінде бай. Қалғанының бәрі азды-көпті дәрежеде әлеуметтік қолдауды қажет етуі мүмкін. Бірақ онжылдықтар бойы қордалаған мәселелерді шешуге Үкіметтің қолы, қауқары жетпей келеді.

4 >>



КИІККЕ ОР ҚАЗБА...



5
БЕТ

ПАЙ-ПАЙ, ПУСАН!



8
БЕТ

АДАМ САУДАСЫ АЛАҢДАТАДЫ


Туғанынан тірідей айырған тағдырына көніп, құлдықтың қамытын киген жәбірленушілердің құқығын қорғау маңызды. Мәселен, пандемия кезінде адам саудасы бойынша тіркелген қылмыс саны 6 есе артқан. Өйткені құл иеленушілерге қарсы құзырлы органдар тарапынан қолға алынған қарекеттің тірі тауарға тосқауыл болмайтыны толық дәлелденіп отыр.

Айталық, қылмыстың бұл түрінде еліміздің заңы алдында кінәліні жауапқа тартқызып, жәбірленушінің құқығы қорғалады дегенге күдікпен қарайтын жетерлік. Бұл сөзімізге дәлел мынау. Бір жылы жартыжылдықтың өзінде ғана «11616» нөміріне 837 қоңырау соғылған. Бірақ соғылған

қоңырау мен тіркелген істің барлығы сотқа жетпеген. Жақында бұл мәселе Ішкі істер министрлігі ұйымдастырған адам саудасына қатысты жиында тағы сөз болып, жана заң жобасына қатысты пікір қызу талқыға ұласты.

4 >>

БАЛ АРАСЫНА НӘУБЕТ ҚАЙДАН КЕЛДІ?



Түркістан облысы мен Шымкент қаласы омарташыларының аралары жаппай қырылып қалып, едәуір шығынға батқан. Шаруалар жәндіктердің өлуін егістікті дәрілеу кезінде араға зиян келгенімен байланыстырады. Ал сала мамандары мұны жоққа шығарады.

7 >>





ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУҒА МҮДДЕЛІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев «Бельгия – Қазақстан» достық тобының төрағасы Тим Ванденпут бастаған Бельгия Парламенті депутаттары делегациясымен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастық пен парламентаралық өзара іс-қимылды одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

Мәулен Әшімбаев Бельгия Қазақстанның Еуропалық одақтағы маңызды саяси және экономикалық серіктесі екенін атап өтті. Сенат Төрағасы парламентаралық деңгейде, оның ішінде халықаралық ұйымдар аясында ынтымақтастықты нығайту қажеттігін айтты.

«Біз парламентаралық байланыстардың қарқынды дамуына мүдделіміз. Екі елдің Парламенттерінде достық топтары табысты жұмыс істеуде. Олар біздің

ынтымақтастығымызды дамытудың маңызды тетігі. Қазақстандық депутаттар ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы мен Парламентаралық одақ аландарында бельгиялық әріптестерімен өзара әрекеттесуге де мүдделі», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы бельгиялық әріптестеріне Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан реформалар туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады.

Өз кезегінде Тим Ванденпут Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси трансформацияның, сондай-ақ еліміздің халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының тиімділігін атап өтті. Парламентарий өз тарапының инвестициялық және көлік-логистикалық жобаларды дамытуға және парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін білдірді.

МИЛЛИОНҒА БАҒАЛАНҒАН МАТРАС



Шығыс Қазақстан облысындағы университет тым жоғары бағамен матрас пен еден сүрткіш құрал сатып алмақ болған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ШҚО бойынша департаментінің мәліметіне сүйенсек, талдау жұмысы барысында Семей медицина университетінің Өскемен филиалының тұрмыстық заттарды жоғары бағамен сатып алмақ болғаны анықталды.

«Білім беру мекемесі 1,9 миллион теңгеге еден сүрткіш құралдың бір данасын және 1,2 миллион

теңгеге 1 матрас сатып алмақ болған. Алайда еден сүрткіш құралдың нарықтағы орташа бағасы 25 мың теңге, бір матрасың бағасы 30-130 мың теңге. Антикордың ұсынымынан кейін мемлекеттік сатып алу жоспарына түзету енгізіліп, шамамен 3 млн теңге үнемделді. Бұл қаражат өзге тауарларды сатып алуға бағытталады», – делінген ақпаратта.

Жалпы, жыл басынан департаменттің мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор мекемелеріне жасаған ұсынымы бойынша 205 млн теңге үнемделді. Ал 2022 жылы 425 млн теңгеге үнем жасалған.

ҮШ АЙДАН СОҢ ТІРІ ТАБЫЛДЫ

Сириядағы зілзаладан кейін үш ай бойы үйінді астында қалған ер адам тірі табылды.

Сириядағы жер сілкінісінен үш айға жуық уақыттан кейін тірі қалған ер адамды құтқарушылар үйінді астынан алып шықты. Желіде тараған суреттен ер адамның жағдайы мүшкіл екенін көруге болады. Оның қалай аман қалғаны белгісіз. Бақылау және оналту үшін дәрігерлерге тапсырылды.

Еске сала кетсек, Сириядағы жер сілкінісінен 5,8 мың адам қаза тапса, Түркиядағы зілзаладан 50 мыңға жуық адам көз жұмған болатын. Осы алапат апаттан кейін көп адам үйіндінің астынан шығарылды. Оның арасында тірі қалғандар да болды.



ҚАРАҚШЫ ҚҰРЫҚТАЛДЫ



Оралда әйелді тонап кеткен күдікті ұсталды. Таңғы уақытта Омега жол көпірінің астынан өтіп бара жатқан 30 жастағы әйелге күтпеген жерден шабуыл жасаған ер адам бейнебақылауға түсіп қалған.

Әйел қашып кетуге тырысқанымен, қарақшы оны мықтап ұстап, жерге құлатып, артын сырға-сақиналарын шешіп, телефонның тартып алған. Шығын көлемі – 550 мың теңге. Тоналған әйел бірден полицияға жүгініп, жедел-іздістіру шаралары жарияланды. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында ұсынылған 15 азаматтың ішінен жәбірленуші 1971 жылы туған бір ер адамды көрсетті. Күдікті дереу құрықталды. Оның бұрын қылмыстыққа жауапкершілікке тартылғаны анықталды.

БАКУДЕГІ БАСҚОСУ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТА ТҮСЕДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына арналған іс-шараларға қатысу үшін Әзербайжан Республикасына жұмыс сапарымен барды.



Бакуде Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінде Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына орай арнайы отырысы өтті. Басқосуға 30-дан астам елдің Парламент өкілдері, парламентаралық ұйымдар, Парламентаралық одақ, Араб Парламенті, ТүркПА және Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік Ассамблеясының өкілдері қатысты.

Жиында сөз сойлеген Ерлан Қошанов отырысқа қатысушыларға және барша әзербайжан халқына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізін жеткізді. Сондай-ақ Гейдар Әлиевтің Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуындағы орасан зор рөліне назар аударды.

– Қазақстанда Гейдар Әлиев біздің елге және қазақ халқына деген шынайы бауырластық пейілімен белгілі. Ол екі ел арасындағы берік достық қарым-қатынасты дамытуға бар күш-жігерін жұмсады. Гейдар Әлиев әрдайым қазақ ұлты туралы айрықша көзқараста болып, түп-тамырымыз бен ортақ бай рухани мұраларымыз туралы айтатын, – деді Мәжіліс Спикері.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов осы жылдың сәуір айында Астана қаласында өткен Гейдар Әлиев атындағы жаңа көшенің салтанатты ашылу рәсімі туралы мәлімет берді.

– Бұл іс-шараға Қазақстан мен Әзербайжан көшбасшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев қатысты. Көшенің ашылу салтанатында біздің Президентіміз: «Гейдар Әлиев секілді әлемдік деңгейдегі тұлғаның атын ұлықтау – біздің пары-

зымыз. Астанада оның есімімен аталған жаңа көшенің ашылуы – біздің осы игі іске қосқан маңызды үлесіміз. Әзербайжан халқының ұлы перзентіне деген зор ілтипатымыз әрі шынайы құрметіміз» деп ерекше атап өткен болатын, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов парламентаралық байланыс бауырлас елдеріміздің жан-жақты ынтымақтастығын нығайтуда маңызды орын алатынын айтты. Әзербайжанның Милли Меджлисінің бүгінгі іс-шарасы қазіргі қарым-қатынастардағы парламентаралық дипломатияның рөлі ерекше екенін көрсетеді.

Одан кейін Мәжіліс Төрағасы Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің спикері Сахиба Гафаровамен кездесті. Спикерлер Ильхам Әлиевтің жақында Астанаға ресми сапары кезінде Қазақстан мен Әзербайжан басшылары қол жеткізген уағдаластықтарды іске асыруға екі ел депутаттарының атсалысуы мүмкіндігін талқылады.

– Бұл өте жемісті де маңызды сапар болды. Шынайы достар мен бауырлардың кездесуі деуге болады. Біздің халықтарымызды жақындататын біраз іс-шара өтті және бірқатар салада маңызды құжаттарға қол қойылды. Біз, екі елдің парламент-шілері, көшбасшыларымыз қабылдаған осы үлкен шешімдерді іске асыруға барынша үлес қосуымыз керек, – деді Мәжіліс Спикері.

Делегация құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары кірді.

АУЫЛ МЕКТЕБІН АЛҒА СҮЙРЕЙДІ



Ауыл мен қала мектептері арасындағы алшақтықты азайтуда NIS әдістемесі нәтиже берсе бастады. Бұл туралы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин айтты.

2020 жылы ауыл мектептерін дамытуға бағытталған NIS жобасы алдағы үш жылда «Қазақстан халқына» және Білім беруді тұрақты дамыту қорларының қолдауымен 191 білім ошағын қамтиды. Зияткерлік мектептер тарапынан мұғалімдерге жүйелі әдістемелік көмек көрсету, кәсіби қажеттіліктері мен оқыту жетістіктерін анықтау мақсатында мониторинг жүргізу, мектепте қолайлы орта құру және жаңа оқу құралдарымен толық жабдықтау жүзеге асуда.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес зияткерлік мектептер жалпы білім беретін мектептермен бірлесіп отырып қала мен ауыл білімі арасындағы айырмашылықты азайтуға негізделген маңызды стратегияны жүзеге асыруда. Ауыл мектептеріндегі білім сапасының өзектілігі Назарбаев зияткерлік мектептерінің 2020 жылы ауыл мектептерін қолдау бойынша жобаларын бастауына негіз болды, – деді Әнуар Жанғозин.

«Ауылдық аймақтардағы тірек мектептерінің әлеуетін арттыру» жобасы аясында Назарбаев зияткерлік мектептері 3 негізгі бағыт бойынша жұмыс

істейді. Бірінші бағыт мектептің қазіргі жағдайы мен негізгі процестерін толық диагностикалау мен зерттеуді қамтыса, екінші бағыт әр мектептің анықталған проблемалары негізінде толық әдістемелік қолдау көрсету. Ал үшінші бағыт мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға негізделген.

Сонымен бірге басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин NIS әзірлеген әдістемелен оқып жатқан 17 ауылдық мектеп оқушыларының үлгерімі жақсара түскенін жеткізді:

– Жоба бір жылдан аз уақытқа созылғанына қарамастан, біз оның тиімділігін қазірден көріп отырмыз. Пәндік білімнің шығу мониторингінің қорытындысы бойынша 4-сынып оқушылары математика және қазақ тілі пәндерінен үлгерімі жақсарды. Ал 8-сынып оқушылары 9 пәннен 7-еуінен оң динамиканы бағалап көрсетеді. Бұл – халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілген зерттеулердің нәтижелері. Біз осы бағытта мектептермен жұмысты жалғастырамыз, – дейді Ә.Жанғозин.

Сондай-ақ ауыл оқушылары қалада оқитын қатарластарынан қалмай робототехника олимпиадаларына, пәндік сайыстарға, спорттық жарыстарға қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Биылғы NIS-тің дәстүрлі Наурыз кездесулерінде 13 ауыл оқушысы 3D биопринтинг, ақылды протездер және биоинтерфейс саласындағы ғылыми жобаларын ұсынған.



КӘСІБИ ЗАҢҒЕРЛЕР «ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК» КӨРСЕТЕДІ

Халықтың құқығын қорғауды көздейтін «Құқықтық көмек» партиялық жобасы серпінді дамып келеді. «AMANAT»-тың Орталық аппаратында заң сарапшылары мен партияның қоғамдық қабылдауларының бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін екіжақты ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумға қол қойылды.

«AMANAT» Хатшысы Дәулет Кәрібек «Құқықтық көмек» жобасы қазақстандықтарға тегін кәсіби құқықтық көмек көрсетуге бағытталған атап өтті.

«Сарапшылармен бірге көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған адамдарға, сондай-ақ алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша жүгінген азаматтарға білікті заң көмегін көрсетеміз. Сотқа дейінгі іс жүргізуден бастап сот шешіміне дейін өтініш білдірген азаматтардың мүддесін қорғауды жоспарлап отырмыз. Осы орайда біз заңгер кеңесіне

мұқтаж әрбір адамға тегін көмек көрсетілуі үшін бірқатар республикалық ұйымдармен меморандум жасасамыз. Партияның облыстық филиалдарында аптасына екі рет қабылдау өткізіледі. Осылайша, қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру жұмысы жүйелі жолға қойылады», — делі ол.

Сондай-ақ партия Хатшысы «Құқықтық көмек» жобасы заңда жиі кездесетін қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік беретінін айтты. Тиісті талдау нәтижелері колданыстағы заңнамаға өзгерістермен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру үшін ай сайын Мәжілістегі «AMANAT» фракциясына жолданып отырады.

Осылайша, республикалық нотариаттық палатамен, республикалық адвокаттар алқасымен, республикалық заң консультанттары алқасымен және International Mediation Centre РКБ-мен меморандум жасалды.

Жыл соңына дейін «Құқықтық көмек» жобасы аясында аталған ұйымдардың заң кон-

сультанттарымен бірлесіп 1000-нан астам қабылдау өткізу, оның ішінде жергілікті жерде азаматтарға заңгерлік көмек көрсету үшін 350-ге жуық шалғайдағы ауылдық елді мекенді қамту жоспарланып отыр. Бұл — түсіндіру жұмысын жүргізу, дау-дамайларды реттеудің баламалы тәсілдері (медиация) бойынша кеңес беру, мүлік бойынша келісім жасау кезінде кеңес беру, талап қою мәселелері бойынша көмек көрсету, сотта мүдделерді қорғау, еңбек дауы бойынша кеңес беру, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар мен өмірдің қиын жағдайына тап болған адамдарға құқықтық көмек көрсету және тағы басқалар.

Еске сала кетейік, биыл қаңтарда «Құқықтық көмек» жобасы аясында азаматтарды қабылдау алғаш рет Атырау облысында өтті. Белгілі құқық қорғаушы, қазіргі Мәжіліс депутаты Абзал Құспан бастаған бір топ заңгер Индербор, Мақат аудандары мен Кұлсары, Атырау қалаларында болды.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ МҮДДЕСІ ЕСКЕРІЛЕДІ



«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Түркістан облысы бақылау жөніндегі басқарма басшысы Берік Ибадуллаев азаматтардың арыз-өтініштері бойынша онлайн-офлайн форматта қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген тұрғындардың бірі түркістандық Ж.Биетаева әлдебір азаматтың Атырау қаласындағы Теңіз венталь жұмыс орнында жұмыс берушінің деп, киім мен аяқкиімге ақша алып, ақыр соңында алдап-соққанын айтты. Тұрғынның өтініші бойынша құқық қорғау органдарына шағымдану

қажеттігі түсіндіріліп, қосымша партия филиалына арызы қабылданып, тиісті жұмыстар жүргізілетін болды.

Сонымен қатар Отырар ауданы Маяқұм ауылдық округі Костерек ауылының бір топ тұрғыны еңбекақы ала алмай, сонымен қатар зейнетақы, сақтандыру төлемдері төленбей жатқандығы жөніндегі ұжымдық арызды білдірді. Бұл арыздары бойынша оларға жұмысқа қабылдану жөніндегі бұйрықтарын қоса тіркеп, Түркістан облысы бақылау жөніндегі басқармасына арыз жазу қажеттігі түсіндірілді. Басқарма тарапынан бақылауға алынып, азаматтардың арызы негізінде тексеру жұмыстары жүргізілетін болды,

ал зейнетақы, сақтандыру төлемдері мәселесі бойынша салық органына шағымдану керектігі айтылды.

Қоғамдық қабылдауға келген енді бір азамат, Сауран ауданының тұрғыны Б.Тұрғаналиев былтыр Түркістан қаласында жағажай құрылысында еңбек етіп, ондағы бір айлық еңбек ақысын ала алмай жүргені жөнінде шағымданды. Оның арызы бойынша дәлелді айғақтарымен сотқа шағымдану қажеттігі түсіндірілді.

Осылайша, аудан тұрғындарын мазалаған бірқатар проблема анықталып, олардың жазбаша өтініштері бойынша қосымша жұмыстар жүргізетін болды.

ЖАЙЫЛЫМ ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ



«AMANAT» партиясы Алматы облысында 44,6 мың гектар жайылым жерді мемлекет меншігіне қайтарды.

Алдағы уақытта «Жер аманаты» партиялық жобасы шең-

берінде 220 мың гектардан астам пайдаланылмай жатқан бос алқапты қайтару көзделіп отыр. Бірінші кезекте ол жер мал жаю үшін берілмек.

Айта кету керек, былтыр өңірде жоба аясында 113 мың гектардан астам жайылым жер

мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның ішінде 57,8 мың гектар алқап меншік иелерінің өз еркімен қайтарылса, 41,5 мың гектар жер мемлекет мұқтажы үшін алынған. Тағы 13,3 мың гектар сот шешімімен мемлекет меншігіне өтті.

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде облыс әкімдігі Білім басқармасының бөлім басшысы Күлзира Дәрібаева азаматтарды қабылдады.

Тараз қаласының тұрғыны, I топ мүгедегі қабылдауға келіп, инклюзивті білім алатын оқушылардың жазғы демалысында лагерлерге жолдама беру туралы ұсынысын айтты.

Тағы бір қала тұрғыны, қоғамдық бірлестік мүшесі қорғаншылық, қамқоршылық мамандарымен білім саласы бойынша бірлескен «дөңгелек үстел» ұйымдастыруға ұсынысын білдірді.

Сондай-ақ қабылдауда өтініш иелері балаларды ыстық



тамақпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша да сауалдарын қойды.

Білім басқармасынан келген өкіл Күлзира Лесбайқызы

өтініш иелерінің сұрақтары бойынша заң аясында толыққанды түсініктеме беріп, айтылған ұсыныстар басқарма назарында болатынын жеткізді.

ЖЫЛУ АҚЫСЫ ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛЕДІ

«AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалының атқарушы хатшысы Айгүл Маликованың қатысуымен өткен Екібастұз қалалық филиалының депутаттық фракциясы отырысы өтті. Онда абаттандыру, жолдарды асфальттау, балаларға арналған ойын алаңдарын орнату, жарықтандыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ сайлауалды бағдарламаның орындалуы бойынша әлеуметтік, білім беру нысандарының құрылыс қарқыны жөнінде құзіретті мемлекеттік органдардың баяндамалары тыңдалды.

«Республикалық сайлауалды штабтың тапсырмасына қатысты 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымы кезеңінде қосымша электр және су жылытқыштарын пайдалануға байланысты электр энергиясы үшін шығынды өтеу мәселесі бойынша «Павлодар-энерго» АҚ-на депутаттық сұрау жіберілді. Аталмыш мекеменің



бас директорының жауабына сәйкес, 2022 жылғы желтоқсаннан 2023 жылғы наурызға дейін тұрғындарға есептеуді 70 пайызға төмендету жолымен ай сайын жылу энергиясы бойынша қайта есептеу жүргізілді. Бұл мәселе депутаттық фракцияның жіті бақылауында», — делі қалалық депутаттық фракцияның жетекшісі Мариям Маликова.

Сонымен қатар медициналық мекемелер ғимаратының құрылыс қарқыны да сөз болды. Облыста 2023-2024 жылдарға

7 жобаны іске асыру жоспарлануда.


Облыс әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы Ә.Марғұлан атындағы ауылдық округте медициналық пункт құрылысы үшін «ГрадСтройСервис» ЖШС-мен шарт жасалғанын хабарлады. Олар құрылысты жыл соңына дейін аяқтауға міндетті. Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту бағдарламасы бойынша Құрылысшы және Бәйет ауылдарында медициналық нысандардың құрылысы жоспарланған.

ЖАТАҚХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Петропавлдағы олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернаты-колледжіне арналған 244 орындық жатақхана құрылысы биылғы қыркүйекке дейін аяқталуы керек еді. Алайда «AMANAT» партиясы өкілдері мердігер ұйымның белгіленген мерзімде құрылысты бітіре алмауы мүмкін деп қауіптенеді.

Мониторингтік топ орындаған жұмыстарды қарау кезінде белгілі бір кемшіліктерді анықтады.

Мониторингке барған кезде 15 адам жұмысқа кірісті, дегенмен талаптарға сәйкес нысанда 44 адам болуы керек. Бұл мәселені партиялықтар мердігер ұйым өкілдерімен әңгімелесу барысында бірнеше рет көтерді. Сонымен қатар құрылыс материал-



дарын уақытылы жеткізу мәселесі де бар. Мұның бәрі объектіні пайдалануға беру мерзіміне және орындалатын жұмыстардың сапасына айтарлықтай әсер етеді», — деді партияның мони-

торингтік тобының мүшесі Александр Зель.

Айта кетейік, былтырғы желтоқсан айынан бастап бұл нысанда партиялық бақылау бекеті жұмыс істейді.

Өзекті

ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Республикалық маңызы бар «Қызылорда – Жезқазған» тасжолының мүшкіл халге түскеніне көп жыл болды. Көптің сынына ұшыраған күрежолдың жөнделуін күткендердің талап-тілегі әсте бір толастаған емес. Алайда түрлі себептермен жұтаң тартқан жолдың жайы тасада қала берді.



Мемлекет басшысының тікелей бақылауында тұрған тасжолдың тағдыры биыл ғана ескерілді. Соның ішінде Қызылорда облысы аумағынан өтетін бөлігіне жыл басынан жөндеу жұмыстары қолға алына бастады. Бұл жол азабын тартқан жұртшылықты зор қуанышқа бөледі.

Негізінен Қызылорда облысында жергілікті маңызы бар 3418,5 шақырым жол бар. Оның ішінде 1014,5 шақырымы республикалық маңызға ие.

Қазір осы «Қызылорда – Жезқазған» тасжолының 204 шақырымын жөндеу жұмыстары қарқын алған. Алдын-ала белгіленген жоспарға сәйкес, тасжол 2025 жылы толықтай аяқталып, қолданысқа берілуі тиіс. Яғни, 3 жылдың көлемінде күйі қашқан күрежол жанарған кейіпке еніп, игілігін ел көреді деп жоспарлануда. Дейтұрғанмен, жөндеу жұмыстары қатан бақылауда ма? Халық осы мәселеге қатты алаңдаулы.

«Қазір Қызылорда облысы әкімінің тікелей қолдауымен күрежолды жөндеу жұмыстары тыңғылықты жүргізіліп жатыр. Күрежолдың сапасы қатан бақылауда тұр. Алдағы уақытта республикалық маңызы зор бұл жол өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді деп сенеміз», — дейді бұл жөнінде көшпелі брифингте облыс әкімдігінің Жолашылар бөлігі және автомобиль жолдары

басқармасы басшысының орынбасары Жәнібек Сыздықов.

Негізінен екі облыстың арасын жалғайтын бұл жолда қыс, көктем айларында жүру өте қауіпті саналады. Ең қиыны, екі аралықта бірде-бір елді мекен жоқ. Ұялы байланыс қызметі де жолға қойылмаған. Яғни, сапасын көтермейтін сайын жолда қалған жолаушының амандығына ешкім кепіл бола алмайды.

Жалпы, Қызылорда мен Жезқазғанның арасы 430 шақырымды құрайды. Соның біраз бөлігі жөнделуді қажет етіп тұрғаны жасырын емес. Демек, сол аралықтағы селкілдек жол талай тағдырға қауіп төндіреді деген сөз.

«Соңғы жылдары бұл жолда жол қатынасы айтарлықтай қиындық туғызып тұр. Иен далада аялдап, тынығатын, тамақтанатын орындар тапшы. Көлігі бұзылып, далада қалған адамның көмек сұрауға да мүмкіндігі жоқ. Ұялы байланыс ұстамайды. Адам өміріне өте қауіпті. Көпшілігінің балалары Астана қаласындағы оқуына осы жолмен қатынайды. Өйткені, пойыз билеті де аспандап кетті. Осындай қиындықтарды ескере келе, жолдың жөнделуін ұзақ күттік. Биыл аталмыш жолға жөндеу жұмыстары басталды деген ақпаратты хабарды естіп, қуанып қалдық. Осы орайда жолдың сапасына қатан бақылау жасап, жолаушыларға арналған қоғамдық тамақтану орындарын, қонақ үй қызметтерін жолға қойса

нұр үстіне нұр болар еді», — деп талап-тілегін білдірді өңір тұрғыны Ләззат Мырзалиева.

Жалпы тұрғындардың басты талабы — күрежолдың құрылысын жүргізуде саннан гөрі сапаға мән берілсе деген уәжін жеткізіп отыр. Адам қауіпсіздігін қаперге алып, жоспарлы жұмыстарды жеделі уақытында аяқтаса деген тілегін ортаға салды.

«Қазір республикалық маңызы бар «Қызылорда – Жезқазған» тасжолының 12-216 шақырым арасында қайта жанарту жұмыстары басталды. Бүгінде асфальт төселіп жатыр. Қайта жөндеу жұмыстарын жергілікті «Қыран» ЖШС атқаруда. Нақты уақытта тасжолдың 140 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ су скважиндері, айналмалы жол жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жолдың бойынан асфальт зауыты салынып жатыр. Жөндеу жұмыстары барысында қолданылып жатқан құрылыс заттарының барлығы Жанақорған ауданынан тасымалданады», — делі «ҚазАвтожол» Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Ерсайын Мұзаффар.

«ҚазАвтожолдың» мәліметіне сәйкес, жоба бойынша облыс аумағына жаңадан айналма жол салумен қатар 204 шақырым жолды қайта жаңғырту жұмыстары жоспарға енген. Бұған қоса, 2 дана жол айрығы және үй жануарларына арналған жол өткелдер, су арналарынан өтетін 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау өлшеуін аркалар салу жедел тұр. Сонымен қатар 5 заманауи жылы дөретхана, 6 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелдері, 117 жол қиылысуы мен түйісулерін салу көзделіп отырғаны айтылды.

Негізінен Сыр өңірі мен Ұлытау арасын жалғайтын ауқымды жолдың жобасына сәйкес, халықтың талабынан туындайтын қажеттіліктер рет-ретімен шешілетініне нық сенім білдіріп отыр. Тек басталған ауқымды жоба сиырқұйымшақтанбай, сапалы жүргізілсе игі. Халықтың көпжылғы арманы ақиқатқа айналады деп үміттенеміз. Оның нәтижесін алдағы уақыт еншісіне қалдырдық.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Түйткіл

АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЙМАЙ ТҮР

Атырауда апатты үйлер мәселесі өзекті. «Мұнайлы астана» деп аталатын Қазақстан экономикасының басты доноры саналатын Атырау облысында қазір апатты деп танылған 112 үй бар.



Апатты үйлер негізінен Атырау қаласында, Индер, Махамбет, Мақат, Құрманғазы аудандарында орналасқан. Жақында Атыраудағы апатты үйлер мәселесін түбегейлі шешу жайын Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов көтерді.

«Апатты жағдайда тұрған осындай бірнеше үйді араладық. Бұл үйлердің ішін әбден ығал тартқан. Көгеріп жатқан үйлердің қабырғалары мен төбелері жарылған. Төбелерден су ағады. Мұндай пәтерлерде әдетте зейнеткерлер, аз қамтылған адамдар тұрады. Олар үшін жағдайларын жақсартудың жалғыз үміті — мемлекеттің көмегі», — дейді депутат Дүйсенбай Тұрғанов.

Рас, 2022 жылдың соңында «Атырау қаласының тұрғын үй қорын жанартудың 2022-2026 жылдарға арналған бағдарламасы» әзірленді. Бұл бағдарламаға апатты 82 үйден бөлек, қаладағы тағы 155 тозығы жеткен үй кіреді. Алайда депутат тозығы жеткен үйлердің мәселесін толыққанды шешу үшін жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражаттың жеткіліксіз екенін айтады.

«Сондықтан республикалық бюджеттен де қаржы қарастыру керек. Мысалы, Атырау облысындағы апатты үйлердің тұрғында-

рын көшіруге шамамен 34 миллиард теңге қажет, Астана қаласы бойынша 115 млрд теңге және үйді инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге қосымша 117 млрд теңге керек. Бірақ Қаржы министрлігі бұл жобаларға республикалық бюджеттен қаржы бөлуді қолдамай отыр. Сонымен бірге, «Отбасы банкі» арқылы неселік тұрғын үйді қаржыландыру үлгісі бойынша тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін облигациялар шығаруды да қолға алу керек», — дейді депутат.

Әкімдік, Мәжіліс, одан қалды Үкімет бар, апатты үйлер мәселесін шешуге бағдарлама қабылдау, ұсыныс енгізіп жатқанда, тозығы жеткен үйлердің тұрғындары алаңдап отыр. Олар Дүйсенбай Тұрғановтың бұл мәселесін шешуіне қолдауын сұрайды. Ол Құрманғазы ауданында тұрады. Құрманғазы ауылындағы Ғилаев көшесіндегі №7 үйде тұрып жатқан Дара Рахметулина күрт-құмырсақ, шыбын-шіркеймен баспанасын «бөлісіп» отыр.

«Тышқан, жыланды көргенде күрт-құмырсаққа «айналайын» дегім келеді. Салынғанына 53 жыл болған үймізді әлсін-әлсін дөрілейміз. Бірақ, мұның бәрі өз-өзі-

мізді алдау. Рас, жарық та, жылу да бар. Бірақ үйдің іргетасы отырып кеткендіктен, іргесі қақырап біткен қабырғалардағы жарықтардан жел келеді. Соның салдарынан қыс бойы көктеген қабырғамен алысамыз. Күн суытса, аурудан көз ашпаймыз. Біздің үйіміз тұрғындар арасынан дені сап-сау адамды табу қиын», — дейді апатты үйдің тұрғыны Дара Рахметулина.

Тозығы жеткен 16 пәтерлік үйде қазір 8 отбасы тұрып жатыр. Атырау облысы әкімдігі Отын-энергетика кешені және тұрғын үй коммуналдық сала бөлімінің басшысы Гүлфайруз Өмірғалиеваның айтуынша, Атырауда апатты үйлер проблемасын 2029 жылға дейін толық шешу жоспарланып отыр.

«Бытыр Атырау қаласы, Индер, Жылыой аудандарында барлығы 8 апатты үйдің (64 пәтер) тұрғындары көшірілді. Быыл Жылыой ауданы Құлсары қаласындағы 8 апатты үйдің тұрғындары жеке компания арқылы салынған үйге көшірілді.

Сонымен қатар жеке инвесторларды тарту тетігімен реновация бағдарламасы шеңберінде апатты үйлердің тұрғындарын көшіруге және бұзу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Быыл Индер ауданында 3 үйдің тұрғындарын көшіруге жоспарда бар. Және Атырау қаласындағы Верхний көшесі бойында 5 қабатты 30 пәтерлік үйдің құрылысы үшін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде», — делі спикер Гүлфайруз Өмірғалиева.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

Тіршілік

КИІККЕ ОР ҚАЗБА...

Соңғы 4-5 жыл бойы тұтас ел аумағында киіктер саны өсіп келеді. Даланың еркін жануарының өскені қуантқанымен, олардың көбеюі ауыл шаруашылығы саласында күрделі мәселелерді туындатты. Жабайы жануарлар егіс алқаптарын ойрандап, елдің бірнеше аймағында диқанарды шығынға батырды. Басқа өңірлер сияқты Ақмола облысында да киіктердің көбеюі көп түйткілге негіз болғандай. Еккен егін тұтастай тапталып кеткен ақмолалық шаруалар енді алқаптарын қорғау үшін оның айналысынан терең ор қазып тастапты.



Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, еліміздегі киіктер саны соңғы он жылда 6 есе өсіп, бүгінде 1 миллион 318 мыңнан асып жы-

келісімімен киіктердің санын реттеу жайы қарастырылған еді.

Ал шаруалар киіктерден қорғануға өздері кіріскен сынайы. Киіктерден өзбен зорезап болған Ақмола облысының Атбасар, Жақсы, Қорғалжын аудандарында шаруалар егістік алқаптарының айналасын 3 метр тереңдікте қазып тастапты. Ешқандай құзырлы органдар мен жергілікті атқарушы органдардың келісімін алмастан осындай қадамға барған шаруалардың әрекетіне экология жанащылары, жергілікті тұрғындар мен тиісті органдар қарсылық білдіріп жатыр. Ауыл тұрғындарының айтуынша, қазылған терең шұңқырларға киікпен қоса төрт түлік те түсіп кетіп, араңдай бастаған.

Атбасар ауданындағы Сепе, Ново-Мариновка, Сочинское, Петров ауылдарындағы шаруа қожалықтары да егістерін орман қорғауға кіріскен.

«Енді киіктер жанағы қазылған орларды айналып шағын ғана біздің егістік жерімізге келеді. Қазылғанымен ол шұңқырлар үш-төрт жылдан кейін топырағы ішіне құлап қайта тегістеліп кетеді. Киіктер үстінен өте береді ғой. Онда олар жанағы қазылған жердің жанынан тағы қазып тастайды», — дейді Атбасар ауданы Есенгелді ауылының тұрғыны Нұрбай Жүсіпов.

Түйткілді мәселе жайлы алдымен Атбасар ауданы әкімдігінен анықтамақ болдық. Әкімдік шаруалар орды жергілікті биліктің келісімінсіз өз бетінше қазғанын мойындады.

— Үш метрлік траншеяларды киіктердің шабуылынан зор шығынға батқан шаруалар өз бетінше қазған. Бұл әкімдіктің еш келісімінсіз жасалған. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілері министрлік-

терге дейін шағымданған бірақ ешқандай жауап алмаған. Орасан зор шығынға ұшырағандықтан осындай терең шұңқырлар қазып тастапты, — дейді Атбасар ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы Михайл Майер.

Ақмола облысының орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аумақтық инспекция басшылығы аталған мәселенің күрделене түскенін айтып, істің прокуратураның қарауына жолданғанын жеткізді. Ведомство басшысы Лашынтай Дүйсеновтың айтуынша, киіктердің көбеюі көп мәселенің алғышартына айналған. Аталған мәселе Степногор қаласында Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменованың қатысуымен өткен жиында да көтеріліп, министр киіктер өтетін жолдардың бәрі бей-берекет егістік жерлерге айналғандықтан мұны толықтай тексеріп барып шешім қабылданатынын мәлімдеген еді.

— Бұл өте сұмдық жағдай. Атбасар, Жақсы, Қорғалжын аудандарында шаруалар егіс алқаптарының айналасын қазып тастаған. Қазірге дейін бес киік қазылған орға құлап өлді. Біз облыстық прокуратура, экология департаменті, жергілікті атқарушы органдар, ауыл шаруашылығы, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармаларына хат жаздық. Күні кеше Атбасар ауданында арнайы жиын да өткізілді. Қазір іс жоғарыда аталған аудандардың прокуратура және полиция қызметкерлерімен қаралып жатыр. Киіктердің көбеюі мәселесі бойынша осы айдың 24 мамырында Орал қаласында, одан кейін Астанада үлкен жиын өткізілмек, — дейді аумақтық инспекцияның басшысы Лашынтай Дүйсенов.

Түйткілді мәселе жайлы Ақмола облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасына хабарластық. Ведомство басшысы Ерғали Шорин бұл

мәселе өздерінің құзыретіне кірмейтінін айтып, аумақтық инспекция жазған хаттың облыстық экология департаментіне жолданғанын жеткізді.

— Егістік жерлер дұрыс пайдаланылмаса ол мәселемен біз айналысамыз. Біз аумақтық инспекция жазған хатты экология департаментіне қайта жолдадық. Бұл мәселе біздің құзыретімізге кірмейді, — дейді басқарма басшысы Ерғали Шорин.

Ал экология департаменті басшылығы аталған мәселенің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының тікелей міндеті екеніне сенімді. Олар хаттың қайта кері жолданғанын жеткізді.

— Жердің қазылып тасталғаны экологияға еш қатысы жоқ. Бұл мәселе жергілікті атқарушы органдардың және жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының құзыретінде болуы керек. Бізге келген хатты біз қайта өздеріне жолдадық. Бұл біздің құзырымызға кірмейді, — делі Ақмола облысы экология департаменті басшысының орынбасары Ержан Ахметов.

Өңірде киіктерге қатысты күрделі жағдайдың жуық арада шешімін табар түрі көрінбейді. Табиғат жанащылары бұл мәселенің бір жақты етпей тыным таппайтыны түсінікті. Іс құқық қорғау органдарының қарауына жеткен. Жауапты органдар тиісті шешім шығарып кінәлілерді жауапкершілікке тарту да мүмкін. Дегенмен, бұл мындап жортқан бейкүнә жануарлардан егістіктерін қорғаған шаруалар мәселесін біржола шешпейді. Сондықтан тиісті министрліктер мен ведомстволар аталған жағдайды реттеуге тезірек назар аударар деген үміттеміз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ШЕТЕЛДІК БІЛІМ ШЫҢҒА ШЫҒАРА МА?

(Басы 1-бетте)

Көктем ҚАРҚЫН

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде әлемдік деңгейдегі университеттердің филиалы ашылып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табады. Былтыр елімізде шетелдік 4 жоғары оқу орнының филиалы ашылды, биыл 6 филиал ашылды. Атап айтқанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің филиалы ашылмақ. 18-19 мамырда Мемлекет басшысының Қытай еліне сапары жоспарланып отыр. Соның аясында Қытайдың ұлттық Тяньцзинь және Сиань технологиялық университетімен филиал ашу туралы келісімге қол қойылмақ, — деді Жоғары білім және ғылым министрі Саясат Нұрбек.

Министрдің айтуынша, алдағы 3-5 жылдың ішінде жоғары білімнің мазмұны мен келбеті айтарлықтай өзгереді. Жоғары білім беру саласында бәсеке артады.

— Жастарға әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің филиалында білім алу мүмкіндігі бар. Олардың арасында АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия және тағы басқа елдердің ЖОО болады, — дейді ведомство басшысы.

Былтыр қыркүйек айында Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы Аризона университеті 170 студент қабылдады. Оқу үш тілде — ағылшын,

қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Аризона университетінің вице-президенті Лизл Фолкс осы бағдарламаның дамуына үлкен үлес қосқан университеттің барлық оқытушысына алғысын білдірді.

— Биотехнология, IT бағыты бойынша қос дипломның бірнеше бағдарламасы ашылды. Бұл халықаралық бағдарламаның үлкен артықшылығы — қос дипломға түскен студенттер төртінші курс кезінде Аризона университетінің кампусына барып, сол жерде оқи алады, — деп атап өтті Лизл Фолкс.

ЖАСТАРДЫ ҰСТАП ҚАЛУДЫҢ ЖОЛЫ МА?

Жалпы, мұндай практика әлемде бар. Африка, Малайзия, Индонезия сияқты кей елдерде әлемнің үздік университеттерінің филиалдары ашылған. Бірақ олардың саны шектеулі, себебі бәсеке оқу орындары өз брендині сақтауға талпынады.

— Өкінішке қарай, біздің елдегі жоғары және орта білім беру жүйесі әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті емес. Сондықтан оны мемлекеттік саясат аясында реформалау — дұрыс шешім. Оқу орындарының санын азайту жақсы нәтижеге жеткізе ме, оны нақты айта алмаймын. Білім беру бағдарламасы мен формасын, тәсілдерін қайта қарау қажет деп есептеймін. Ол автоматты түрде бәсеке арттырады. Еліміздегі оқу орындарының, әсіресе мемлекеттік білім беру мекемелерінің саны көп болуы шарт емес. Олар азшылықта жекеменшік оқу орындарымен бәсекелесуі білім тиіс. Мен 3 жылдай Қазақстанның мықты деген жекеменшік жоғарғы оқу орнында сабақ

бердім. Сонда түсінгенім — әдістеме мен менеджмент XX ғасырдағы жүйеге пара-пар, — дейді сарапшы Алина Хаматдинова.

Ал Талар коммерциялық емес АҚ президентінің кеңесшісі Қадырбек Бөрікбековтің айтуынша, филиалдармен бірге сол шетелдік оқу орындарының ұстаздарын біздің елге алып келу қажет. Оқулықтарын, әдістемелерін, кейін ғана әкеліп, қазақстандық ұстаздардың қолына бере салу — нәтиже бермейді. Қазір мұндай білімді онлайн алуға да мүмкіндік бар.

— Шетелдік университеттердің филиалын ашудың екі мақсаты бар. Бірі — жастарды елімізде ұстап қалу, екіншісі — Қазақстанда дайындалмайтын мамандықтарды игеру болатын. Дегенмен шетелдік университеттердің барлығы бір деңгейде емес. Біз дүниеге аты мәлім, белгілі оқу орындарын тартуымыз керек. Сондықтан шетелдік университеттерге арнайы талаптар бекітілуі керек. Сабақ оқытын профессорларға да арнайы ереже бекітуіміз қажет. Себебі әр профессор өз елінің идеологиясын жүргізгісі келеді. Сол себепті ашылған филиалдардың сапасын бақылауға ұстау аса маңызды. Ал жастар қай жерде жоғары жалақы болса, сол елде жұмыс істейді, — деді Қадырбек Бөрікбеков.

Иә, өз елімізде шетелдік университеттің филиалында білім алу жастардың қалтасына да жеңіл. Бірақ сол филиалдардан білім алып, біліктілігін арттырған маманға лайықты дәрежеде жұмыс көзін ұсына алмасақ, олардың елде қалмайтыны анық. Себебі қолында әлемдегі үздік университеттің дипломы бар



болса, жастардың да жұмысқа деген талабы өзгереді. Сондықтан шетелдік университеттің филиалын ашу жастарды елімізде ұстап қалудың жолы емес.

ФИЛИАЛДАРҒА ЖОҒАРЫ ТАЛАП ҚОЮ КЕРЕК

Кезінде Кеңес үкіметінің оқу орындарының филиалдары Вьетнам, Алжир, Гвинея, Конго сияқты мемлекеттерде ашылған. Бірақ сол елдерге барып жұмыс істейтін оқытушыларға үлкен талаптар қойылған. Ал филиалдар соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталыпты. Тіпті, оқытушыларға сол елдің ана тілін білу де маңызды болыпты.

— Мен Францияға оқытушы болып бару үшін сол кезде он айлық француз тілі курсынан өттім. Содан кейін сараптамалық комиссиядан өтіп, сол елге барып жұмыс істеуге рұқсат алғанмын. Бір елде бірнеше елдің жоғары оқу орындарының филиалдары жұмыс істеді. Біз дайындалған мамандардан біліктілік емтиханын басқа елдерден келген

оқытушылар қабылдады. Сонда ғана бәсекеlestік болады. Сондықтан оқудың сапасына, оқу орнының деңгейі мен құрылымдарына жоғары талап қоюымыз керек, — дейді Қадырбек Бөрікбеков.

Білім саласының сарапшысы Өмір Шыныбекұлының пікірінше, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін шетелдік университеттердің филиалдарын ашу керек. Бұл бір жағынан шетелге барып оқығаннан арзан әрі тиімді. Бірақ шетелдік университеттер филиалдарының деңгейін қадағалау қажет. Жанадан ашылған филиалдарда маман дайындай алатын білікті оқытушылар мен әлемдік үздік университеттен келген профессорлар сабақ беруі керек.

— Айталық, 90-жылдары жекеменшік оқу орындары ашыла бастаған кезде аймақтардағы балабақша ғимараттары университетке айналып кетті. Олар Ташкенттің 1-2 профессорын тіркеп қойып, мемлекеттен лицензия алған. Сол жекеменшік жоғары оқу орындарының

біразы жабылды. Қазіргі әлемдік университеттердің филиалдарын ашудың соңы да осыған ұласып кетуі мүмкін. Шетелдік профессорлардың бірнешеуінің атын жазып қойып, диплом сатып кете ме деп қорқамын. Сондықтан бұл бағытта арнайы комиссия құрылып, ашылатын жоғары оқу орындарына қатаң талаптар қоюы керек. Шетелдік профессорлар онлайн емес, аймақтағы филиалдарға келіп сабақ беруі керек. Бұрынғы министр А.Аймағамбетов 80-нен астам оқу орындарын жапты. Ал олардың артында ірі магнаттар тұрды. Енді сол кәсіпкерлердің шетелдік оқу орындармен келісімге келмесіне кім келіп? — дейді Өмір Шыныбекұлы.

Оның айтуынша, қазір министрлік жекеменшік оқу орындарын тексерсе алмай отыр. Өйткені шағын бизнесті тексеруге мониторинг жасалмаған. Олар шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын да тексерсе алмайды. Осылайша, жоғары білім саласындағы түйткілді мәселелер көбейе бермек.

ҚАЗАҚША ОҚЫТУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ

Биыл Петропавл қаласындағы үш орыс мектебінде қазақ сыныптары ашылатыны туралы алдын ала хабарланып, барынша жарнамаланғанымен, сәуір айында Sakura порталы арқылы бір де бір өтініш келіп түскен жоқ. Орыс мектептеріне бірінші күні-ақ 90 өтініш түседі. Бұл туралы «AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы жанындағы MIRAS қоғамдық кеңесінің отырысында Петропавл қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары Бұлбұл Ахмадиқызы айтты.



Петропавлда биыл қосымша қазақ сыныптары ашылатыны және де оған 1 сәуірден бастап оқушыларды тіркеуге болатыны туралы хабарландыру берілді. Бұл аз деңгейде, өңірдегі тіл жанапшылары, «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері, қоғам белсенділері ата-аналар арасында балаларын қазақ сыныбына беру туралы үздіксіз үгіт-насихат жүргізіп жатыр. Бұл жұмысқа «AMANAT» партиясының облыстық филиалы да қосылды. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатына партиядан сайланған депутат Ербақыт Амантайдың қоғамдық қабылдауына келген бір топ тіл жанапшыры осы жұмысты ұйымдастыруға көмектесуді сұраған болатын.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде, бүгінде IT лицейдегі қазақ сыныбына — 11, БЭСТ гимназиясына — 9, Бірінші гимназиядағы қазақ сыныбына — 4 өтініш түсті. Бірақ кейбір ата-аналар әлі екі ойлы болып жүр. Дегенмен әр мектепте 10-15 бала ғана жиналса, қазақ сыныптары ашылады. Қазақ тілінде оқуға ниет білдірген бұлдіршіндер ешқандай тест тапсырмайды, барлығы әңгімелесу нәтижесінде қабылданады.

Әрі олар үшін ұзартылған күн тобы тегін болмақ. Себебі облыс әкімінің Білім басқармасы жүргізіп отырған нәтижесінде, ата-аналардың 42 пайызы өздері қазақша білмегендіктен, үй тапсырмасын орындауға қиналатыны белгілі болыпты. Кеңес отырысында басқа мектептердегі ұзартылған күн топтары қызметінің қымбаттығы да сөз болды. Петропавлда оның бағасы 25 мың теңгенің маңайында. Мұны әркімнің қалтасы көтере бермейді. Сондықтан кеңес мүшесі Жанар Таласпаева ұзартылған күн тобын барлық сабақ емес, жекеден пәндер бойынша ғана көмек көрсетуге бейімдеп, төлемақысын арзандату туралы ұсыныс жасады.

Ал «Қазақ білім ордасы» білім орталығының директоры Аида Уәлиева осында тәрбиеленетін балалар мен олардың ата-аналарына арналған тегін үйірмелер бар

екенін жеткізді. Бұл білім орталығы даярлаған балалардың барлығы қазақ сыныбына барды екен. Бірақ бұл орталық 300 шақты баланы ғана қамтыған.

Дегенмен облыстық Білім басқармасы басшысының орынбасары Елена Тонтар келтірген деректер бойынша, биылғы оқу жылында облыс бойынша 1-сыныпқа қабылданған 7 739 баланың тек 1 775-і ғана (23%) қазақша оқиды. Жалпы, облыс бойынша ұлты қазақ балалардың 45 пайызы орысша оқиды. Статистикаға сүйенсек, 31 мың 534 баланың 18 мың 650-і ғана тілінде, 12 мың 884-і орыс тілінде оқып жүр. Ал Петропавлдағы 26 мың 790 кара домалақтың 9 мың 940-ы — орыс мектебінде.

Петропавл қалалық білім бөлімінің басшысы Бұлбұл Ахмадиқызының айтуынша, қаладағы маңдайалды үш орыс мектебінде қазақ сыныптарын ашу жұмысы оңайға түсіп отырған жоқ. Ата-аналардың басым бөлігі өз балаларын таза қазақ мектептерінде оқығанын қалайды. Жалпы, тәжірибе көрсеткеніндей, орыс мектептерінде ашылған қазақ сыныптарында 1-2 жыл оқыған соң балалар қазақ мектептеріне ауысып кететін көрінеді. Сондықтан қоғамдық кеңес мүшелерінің пікірінше, қазақ сыныптарын емес, мектептерін ашу туралы мәселе көтерген орынды.

Солтүстік Қазақстан облыстық білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Алена Мальгаева жанадан ашылатын қазақ сыныптарына мектепте қаншалықты жағдай жасалғанын, дайындығын және болашағын сұрап білді. «Үш қазақ сыныбын ашу үшін үш кабинет, үш мұғалім керек. 4 жыл көзді ашып-жұмғанша өте шығалды. Содан кейін бұл мектептер балаларды ары қарай оқытуға қаншалықты дайын? Қосымша кабинеттер, пән мұғалімдері қажет болады. Ертен бұл балалар басқа қазақ мектебіне ауысуға мәжбүр болмай ма?» — деген сұрақ қойды. Облыстық Білім басқармасының өкілдері сендіргеніндей, барлық жағдай жасалған.

Кеңес отырысында қазақ мектептерінің аздығы мәселесі де көтерілді. Петропавлдағы 36 мектептің тек алтауы ғана мемлекеттік тілде білім береді әрі қазақ мектептерінің саны алтаудан артылмай келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Қала бойынша барлық сыныптардың 18,7 пайызы ғана — қазақ тілде. Биыл 3 мектепте қазақ сыныбы ашылған күннің өзінде, көрсеткіш 0,2 пайызға ғана артаын көрінеді. «AMANAT» партиясы филиалының Сайлауалды бағдарламасына енгізілген «Жайлы мектеп» жобасы асында ашылатын 4 жана мектеп қай тілде білім беретіні сұранысқа байланысты болмақ. Жоспар бойынша олар мемлекеттік тілде деп жоспарланғанымен, орыс тілінде білім алғысы келетіндер үшін аралас мектеп болуы кетуі де жаппа емес.

Петропавл қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жангелді Тәжин: «Төрт жайлы мектеп — тек қазаққа!» деген ұстаным дұрыс», — дейді. Ұзақ жылдар бойы білім беру ісінің ардагері Петропавлдағы 6 қазақ мектебінің екеуінің ғимараты талапқа сай еместігін айтады. «№18 мектеп — бұрынғы жатақхана ғимараты. Бұл — баяғыда жауып тастайтын мектеп. Себебі ішіне кіріп көрсеніз, сыныптары санитарлық нормаға сай емес. Акт залы жоқ. Асханасы да бейімделген үй-жай. №20 мектеп — 1940-50 жылдары салынған дүкеннің ғимараты. Кезінде, жоқшылық заманында жарайды, бұлар мектеп болып ашылды. Ал енді қазір ше? Сондықтан жанадан салынатын төрт мектептің төртеуі де қазақша болсын», — дейді Жангелді Уақпанұлы.

Қоғамдық кеңес мүшелері Петропавлда орыс мектебіне қаншалықты сұраныс бар екенін анықтауды өтінді. Себебі кейбір деректер бойынша 1 200 орындық орыс мектептерінде 600-800 бала ғана оқып жүрген көрінеді. Кейбір шағын аудандарда 2-3 орыс мектебі қатар орналасқан. Ал қазақ мектептерінде керісінше орын тапшылығы байқалатын көрінеді. Бірақ облыстық Білім басқармасының бас маманы Алмагүл Оспанованың айтуынша, сұраныс бойынша кез келген білім ордасында қазақ сыныптары ашылып жатыр. Мәселен, 2022-2023 оқу жылында қазақ тілінде оқытын балалардың санын арттыру мақсатында облыстың 5 ауданында 8 мектепте қазақша сыныптар ашылды. Бірақ кейбір елді мекендерде бала санының аздығына байланысты қазақ сыныптары жоқ екендігі де рас.

Орыс мектептерінде оқытылатын қазақ тілі сабағының сапасы да ойландырады. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы Жазира Көкбақтың айтуынша, 11 жыл бойы орыс мектебінде оқыған балалар жоғары оқу орнына түскен кезде қазақша сөйлемек түгіл, аты-жөнін де айта алмайды. Сондықтан осы пәнді оқыту сапасын тексеру және қазақ тілі пәнінен мемлекеттік емтихан енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл мәселені облыстық мәслихат депутаты Ербақыт Амантай өз бақылауына алып, тиісті басқарма мен министрлікке хат жолдайтын болды.

Роза ШӘКЕН,

Солтүстік Қазақстан облысы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЫНЫПТЫҢ ПАЙДАСЫ КӨП

Мемлекет басшысы жыл сайын Жолдауында білім беру сапасын арттыруға баса назар аударып келеді. Бұл мақсатқа біліктілігі жоғары мұғалімдерді даярлау жүйесін енгізу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Осы орайда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқу орнының ректоры Дархан Биляловтың авторлығымен «Педагогикалық сынып» жобасы ұйымдастырылды. Жоба оқушыларды педагогикалық мамандыққа ерте бейімдеуді мақсат етеді.



Жасыратыны жоқ, мектеп түлектері арасында әлі де гранттың көп болуын басты фактор санап, педагогикалық мамандықты таңдайтындықтар бар. Салдарынан қазір мектептерде «кездейсоқ» мұғалімдердің қатары көбейді.

Салада қордаланған мәселелерді шешу тетігін еліміздегі педагогика ғылымының қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ұсынды. Оның авторы — университет ректоры Дархан Билялов. «Педагогикалық сынып» деп аталатын пилоттық жоба Абай атындағы дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдеті оқытатын мектеп, Ш.Смағұлов атындағы Алматы облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика лицей-интернаты, И.Мандоки атындағы №154 мектеп, №81 мектеп-гимназиясы мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің арасындағы ынтымақтастық келісімі негізінде жүзеге асырылды. Жобаға 10-11 сынып оқушылары қатысты. Мұғалім мамандығының мәртебесін көтеруге бағытталған бағдарлама арқылы педагогикалық қызметке бейімі бар мектеп оқушыларына ойыштар мен ағартушылардың өмірі, қызметі, идеялары, тағылымдары негізінде оқушыларды мұғалімдік мамандықтың пайда болу және даму тарихы таныстырылды. «Заманауи идеал мұғалім және оның жетістігінің сыры неде?» деген сұрақтың жауабын іздеді. Гуманизм, жауапкершілік, әдеп сияқты педагогикалық құндылықтарды танып, қарым-қатынас жасаудың жолдарын, негіздерін үйренді. Оқушылар бұл жоба

арқылы өздерінің жана қырларын ашып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсті. Білім беруден бастап маман даярлау ісіне тікелей әсер ететін жоба оқушылардың педагогикалық мамандықты таңдауына бағытталған.

Алғашқы педагогикалық сынып сабақтарында сөйлеу мәдениетіне ден қойылып, оқушылар ойларын анық, қисынды әсерлі жеткізе алатын болды. Алғаш сахнаға шығып, өнерлерін көрсеткен оқушылардың тың қабілеттері танылып, тұлғалық болмысын қалыптастыратын алғашқы қаламдарын жасады. Оқушылар сабақтың қызықты өтетінін, көп нәрсе үйренгенін айтып жатады. Оқушылардың жылы лебіздері мен жеткен жетістіктері «Педагогикалық сынып» жобасының жоғары нәтижеге қол жеткізгенін көрсетеді. Еліміздің білім беру саласын өркендету, мұғалім мамандығының қадір-қасиетін арттыратын жобаларды ұйымдастыру — жас түлектердің және болашақ педагогтердің идеяларына, ішкі әлеміне, алаңдатын сұрақтарына мән беруден бастаған дұрыс деп ойлаймыз. Барлық сұрақтың жауабын беріп, мұғалім мамандығының проблематикасын ашатын кілт — оқушы. Оқушының күнделікті сабақ барысында туындайтын мәселелеріне назар аудару арқылы, балаға құлақ асу арқылы мұғалімдік қызметті сапалы атқарудың жолын көрсетеді.

Бауыржан САЙДАХМЕТОВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ,
Педагогика кафедрасының
қауымдастырған профессоры,
пилоттық жоба жетекшісі



Бал арасына нәубет қайдан келді?

Назгүл НАЗАРБЕК

Түркістан облысы мен Шымкент қаласы омарташыларының аралары жаппай қырылып қалып, едәуір шығынға батқан. Шаруалар жәндіктердің өлуін егістікті дәрілеу кезінде араға зиян келгенімен байланыстырады. Ал сала мамандары мұны жоққа шығарады.

Десе де, сала мамандары қанатты жәндіктерге төтеннен келген зауалдың себеп-салдары әлі де тексеріліп жатқанын айтады. Сонымен, өңірдегі омарташылар айдың күннің аманында көз алдында қырылып қалған бал араларын көріп, жанайқайын кімге жеткізерін білмей дал.

Ең алдымен, бұл зауал Шардара ауданына келген. Айналдырған 2 күнде Шардарадағы бал араларының тең жартысы өліп қалған. Облыстық дизенсекиялау орталығы мамандары Конго-қырым гемарогиялық безгегінің қоздырғыштарына қарсы жүргізілген дәрілеу жұмыстарын жергілікті әкімдікке бір апта бұрын хабарлапты. Сондай-ақ Шардара қаласы бойынша дәрілеу жұмыстары жүретін аумақ жазық дала болғандықтан ол жақта ара қонатындай ағаш жоқ екенін айтып, бал араларының өлуіне бірнеше фактор себеп болуы мүмкін екендігін алға тартады. Ал Түркістан облыстық Санитар-

лық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары да дәрілеуден емес, аралар арасында эпидемия жүруі мүмкін деген себепті айтады. Шардара ауданының ветеринар мамандары да осы жауапты құптап отыр. Ал сарапшылар болса жүргізілген дәрілеу шаралары қауіптіліктің үшінші класына ие және жәндіктердің барлық түрлеріне, соның ішінде араларға қауіпті деуден танбайды.

Мұндай жағдай жыл сайын қайталанып тұрады екен. Биыл өңірде 1000-нан астам ұяшықтағы аралар қырылып қалған. Омарташылардың термині бойынша 1000 отбасы ара болып саналады.

Демек, 1000 отбасы жоқ болған. Бір отбасының құны 25-50 мың теңге көлемінде. Бір отбасыдан 30-100 келіге дейін бал алуға болады екен. Ары қарай есептей беріңіз. Бал жинау барысында омарташыларды едәуір шығынға батыратын бұл зауал шаруаларды қатты алаңдатып отыр.

Отырар ауданындағы омарташы Дастан Алтынбеков аралардың жаппай қырылуына ауа райының ешқандай қатысы жоқтығын, кенеге қарсы шашылған дәріден болғанын айтып шырылдайды. Шаруашылықтағы 80 отбасы қырылған. Омарташы өлген аралардың орнын толтыру үшін көрші аудандардан ара сатып алған. «Ұяны бос ұстап отыра алмаймын. Себебі күн ысыса олар құрттайды да ұя жармай қалады», — дейді ол. Шаруа бірақ араның неден өлгенін зерттеу үшін құжаттандыру шараларына уақыт озырмай, билікке қолын бір сілтеп, тез арада өз әрекетін жасаған. Бірақ өлген аралардың өтеміні кім өтейтінін білмей отыр.

Сондай-ақ Түркістан облысына қарасты Зертас ауылында да аралардың жаппай қырылуы тіркелді. «Біз де тұтас

қалада кененің кері ағыны басталмағанын, ауа райы әлі тұрақтамағанын айтады. Қазір Шымкентте 500 кәсіпкер 20 мың бал арасын өсірумен айналысады екен. Шымкенттік шенеуніктер дәрілеу алдында дикандарға ескертетінін айтады. «Біз шекаралас жатқан Түркістан облысының қызметкерлерін емдеу шаралары туралы ескертулерін сұрадық. Бірақ оларға тыйым сала алмаймыз. Егер зиян келсе шаруаларға тек субсидия көмек бола алады. Ол үшін олар бірігуі керек. Мұндай бірлестік статистикалық есептерді жүргізуге және субсидия алуға мүмкіндік береді. Рас, әзірге 500 омарташының 100-і ғана біріккен», — дейді Шымкент қалалық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әбунасыр Жанбатыров.

Омарташылар қоғамының төрағасы Төрехан Нармұхамедов бұл мәселеге ерекше назар аудару керектігін ескертті. «Омарташылар ашулы. Олар сотқа жүгінбекші. Кінәлілер табылмай қоймайды. Оларға омарташылардың шыққан шығынын төлетсе ғана тәртіпке келетін сияқты», — дейді ол.

“

Отырар ауданындағы омарташы Дастан Алтынбеков аралардың жаппай қырылуына ауа райының ешқандай қатысы жоқтығын, кенеге қарсы шашылған дәріден болғанын айтып шырылдайды.

кластер бар, 14 шаруа қожалығы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріккен. Мұнда 10 мың ара отбасы бар. Біз оларды Қазақстанда сатамыз. Енді бизнесті қалай жалғастыратынымызды елестету қиын», — дейді омарташылықты әулетімен кәсіп еткен Ирина Демидова.

Араға келген індет Шымкент қаласының маңына да жетті. Шымкент қаласының Ауыл шаруашылығы басқармасы

Айта кетейік, жалпы табиғаттағы ең пайдалы тіршілік иесі ара екені белгілі. Аралар бүкіл өсімдіктерді тозандандырады, осылайша аралар өсімдіктердің өсіп-өніп, көбеюіне әсер етеді. Бұл бал жинаудан бөлек қасиеті ғана. Ал омарташылар аралардың жаппай қырылуы экологиялық апатқа әкелетінін еске салады.

Шымкент қаласы

Ел ішінде

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҚАРАҒАНДЫДА БАСТАЛДЫ



Жыл сайын 15 мамыр күні БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 жылы бекіткен Халықаралық отбасы күнін атап өтеді. Айтулы датаға орай Қарағанды қаласындағы Достық үйінде кеш өтті.

Шараға жиналғандардың алдында облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов сөз сөйлеп, Отбасы күнінің мән-маңызына тоқталды.

«Отан отбасынан басталады» дейді қазақ. Отбасы күні отбасылық құндылықты дәріптейтін, ауызбіршілікке, достыққа шақыратын мереке. 30 жылдан бері әлем бойынша тойланып келе жатқан бұл күннің қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде «Мерейлі отбасы» байқауы бастау алады, — деді ол. Бүгінде елімізде отбасы институтын нығайту, баланы қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша нормативтік-құқықтық және институционалдық база құрылды.

Балалы отбасыларды мемлекеттік-әлеуметтік қолдау шаралары да жеткілікті. Әлеуметтік төлемдерді төлеу жүйесі бала туғанда берілетін және бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша мүгедек баланы тәрбиелеуге берілетін жәрдемақыларды, көп балалы аналар мен отбасылар үшін мемлекеттік жәрдемақыны қамтиды.

Барлық өңірде «бір терезе» қағидаты бойынша аз қамтылған және көп балалы отбасыларға консультациялық қызметтер көрсететін «Жанұя», «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» отбасыларды қолдау орталығы жұмыс істейді.

2014 жылдан бастап жыл сайын адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің он бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі. Осы жылдар ішінде байқауға Қазақстанның барлық өңірінен 20 мыңнан астам отбасы қатысты.

Халықаралық отбасы күні қарсаңында өткізілетін іс-шаралар отбасы институтын нығайтуға, қазақстандық отбасының он имиджін насихаттауға, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, мемлекеттік отбасылық саясат саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы халықты кеңінен ақпараттандыруға, ерлер мен әйелдердің ұрпақты болу денсаулығын қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталуы тиіс.

Мерекелік кеште жас отбасылар сахна төрінен орын алды. Мәселен, қарағандылық Нұршуақ Алпыс пен Әсел Өмірзақ 2019 жылы университет қабырғасында 3 курс оқып жүріп танысқан. Нұршуақ — сакшы болса, Әсел — Қарағанды қалалық №5 емханада психолог болып жұмыс істейді.

Нұршуақтың отбасында ата-анасы, екі әпкесі бар, екеуі де тұрмыста. Үйдің кенжесі. Әсел көпбалалы отбасынан, үйдің үлкен қызы. Отбасында ата-анасы, екі сіндісі және бауыры бар.

Ал елу жыл бұрын некелері қиылған мерейлі отбасының отағасы Нұрабай Ахметов құрылысшы болса, жұбайы Бикен Ахметова математика пәні мұғалімі болып еңбек еткен. Қазақстанның құрметті журналисі. 3 бала мен 5 немере сүйіп отыр.

Сонымен қатар 6 баланы асырап алып, бас-аяғы 8 баланың ата-анасы атанып отырған Еркебұлан Катаев пен Айзат Қалымжанованың жұбы да көпке үлгі.

Сахнаға 10 жылдығын атап өткен «Ана үйі» қоғамдық қорының жетекшісі Айгүл Көпбаева да көтерілді. Қарағанды қаласындағы «Ана үйіне» 2016 жылдан бері 407 әйел мен 383 бала көмекке жүгінген.

Мерекелік шарда ортаға шыққан жас отбасына, Алтын той иелеріне, көпбалалы отбасына, «Ана үйіне» 100 мың теңгеден сертификат табысталды.

Әлебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Өңір

Қоғамдық көлік мәселесі қай кезде де өзекті болған. Жолаушы тасымалдайтын компаниялардың көліктерінің аздығы былай тұрсын, олардың сапасы да сын көтермейтін. Осыған орай Тараз қаласында 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар жасалған. Сондай-ақ инвестициялық жобалар арқылы қоғамдық көліктер қызметін сапалы ету көзделген. Міне, осы баянды бастамалар бүгінде жемісін бере бастады.

ЖОЛАУШЫ ЖОЛЫНАН ҚАЛМАЙДЫ

Саятхан САТЫЛҒАН

Дәл қазір Тараз қаласында 200 автобуска қажеттілік бар. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін жергілікті билік жылда шаһарға 70 жаңа автобус жеткізуді жоспарлаған. Бұл межеге жету үшін тасымалдаушы компанияларға арнайы мемлекеттік субсидия да бөлінді. Нәтижесінде, қалаға алғашқылардың бірі болып «№1 Тараз автобус паркі» ЖШС-ның Zhong Tong маркалы 20 көлік жеткізіліп, олар халыққа қызмет көрсетуді бастады. Жаңа автобустардың ұзындығы 8,5 метр. Жалпы сыйымдылығы 55 адамды тасымалдауға шакталған. Бұл қоғамдық көліктер қазір № 11, 46, 28, 55 маршрут бағыттары бойынша қатынап жатыр. Сонымен қатар «ӘулиеатаТрансПасс» ЖШС алған 3 бірлік үлкен сыйымдылықты Zhong Tong маркалы автобустар №19 бағытқа қосымша қызмет көрсетуге қосылып, жүру жиілігі 14 минуттан 10 минутқа қысқарды. Жоғарыда аталған жаңа автобустардың біреуінің құны — 38 миллион теңге.

Жалпы қала тұрғындарына сапалы қызмет көрсету үшін шаһар көшелерінде кемі 460 автобус қатынасу қажет. Осы мақсатта «СапарТранс-2012» ЖШС тарапынан кемінде 10 бірлік Yutong маркалы автобустарды қыркүйек айында жеткізу қолға алына, «ӘулиеатаТрансПасс» ЖШС тарапынан жыл аяғына дейін қосымша 25 бірлік автобус алу жоспарланған. Бұған қоса City Bus ЖШС-мен 60 бірлік автобус жеткізуге қатысты меморандум жасалған.

Тағы бір айта кетерлігі, жолаушылар бағытын ашу мақсатында жаңа 9 бағыт бойынша конкурс жарияланған. Қазір «Саяхат-99» ЖШС тарапынан №20, «ТаразТрансМоторс» ЖШС тарапынан №56 бағытқа қызмет көрсету үшін өтінім келіп түскен. Бұдан бөлек, жоспарды іске асыру аясында биыл 21 аялдама орнату жұмыстарына бюджет есебінен 55,9

млн теңге қаржы қаралған. Сонымен қатар 9 дана жарық диодты табло орнату жұмыстарына бюджет есебінен 17 миллион теңге бөлінген. Қазір жеңімпаз мердігер «Орталық диспетчерлік қызмет» ЖШС тарапынан монтаждау жұмыстары басталып кетті.

Ал жалпы 3 жыл көлемінде 120 аялдама орнату, оларға 90 бірлік жарық диодты цифрлық таблолар қою және жаңа 15 жолаушылар бағытын ашу көзделуде.

Қоғамдық көліктер мәселесінде инвестициялық жобалар да жанданып келеді. Мәселен, «Бизнеске арналған үкіметтің» фронт-өңірінде өткен инвестициялық штабтың кезекті отырысында жаңа инвестициялық жобалар таныстырылды. China SAMC Engineering Co LTD компаниясының басқарма төрағасы Ван Бо өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларындағы тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа деген ниеттестігін білдірсе, Globia KFT компаниясының бас директоры Габор Саги жанартылатын энергия көздері саласындағы жобасын ұсынды. Тарқатып айтсақ, аталған шетелдік компания өңірден жасыл сутегі өндірісін өндіруді қолға алмақ. Аталған сутегіні қоғамдық көліктерге арналған экологиялық таза отын өндіру пайдалануға ден қойылмақ. Жоба аясында компания аймақтан күн электр және жанармай құю стансаларын салып, сутегімен жүретін автобустарды жеткізу жоспарлап отыр. Осылайша, алдағы уақытта тараздықтарға экологиялық таза отынмен жүретін қоғамдық көліктер қызмет көрсетпек.

Иә, бұл сөз жоқ, көлік тасымалы саласына үлкен дүмпу әкелетіндігі анық. Елімізде баламасы жоқ жоба экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп ғана қоймай, тасымал құнын да арзандата түседі.

Жамбыл облысы





Оңтүстік Кореяның журналистер ассоциациясының ұйымдастыруымен өткен «Дүниежүзілік журналистер конференциясы – 2023» аясында тұмса табиғатымен, терең тарихымен тәнті еткен кербез қала – Пусанға жол түсті. «Пусан» десе көбіміздің ойымызға 2016 жылы жарық көрген «Пусанға баратын пойыз» фильмі түседі. Сувон қаласындағы саяхатымызды аяқтап, Пусанға жүретін жүрдек пойызды күтіп тұрған кезімізде де осы туындыны еске алып, бір күліп алдық. Ұйымдастырушылар Пусанды бүкіл әлем бұл картинадан тыс танытын болады деп жатты. Өйткені 2030 жылы бұл қалада ашық теңіз үстінде әлемдік EXPO көрмесі өтпекші.

Айдана НҮРМҰХАН

XX ғасырдың басында Пусан көшелерінде электр энергиясы болмағандықтан, бұмен жүретін трамвайлар адам тасыды дегенге сену қиын. Бүгінде мұнарасы бұлтпен таласқан биік ғимараттар, ұзын-сонар көпірлер, алуан түрлі тарихи және мәдени көрнекті орындар мен ескерткіштерге, бірегей қорықтар мен саябақтарға бай ірі мегаполис. Жайлы ауа райы, субтропикалық климаты, экзотикалық жеміс-жидек, сусындарымен тартымды. Әлемдегі ең ірі базардың бірі – Жағалшыдан теңіз өнімдерінің түр-түрін табасыз. Жыл сайын туристердің көптеп келетіні соншалық, жергілікті халық бұл

танысу еді. Пусан ұсынып отырған әлемдік көрменің тақырыбы – «Әлемдің өзгерті, жақсы болашаққа қадам бас» (Transforming Our World, Navigating Toward a Better Future). Күн тәртібіне жаһандану, адамзаттың болашағы, климаттық өзгеріс, теңсіздік, жоғары технологиялардың мүмкіндігі мәселелері қойылмақ. EXPO көрмесін өткізу үшін жергілікті әкімдік



кала портының солтүстік аумағына жеке инфрақұрылымы, павильондары, халықаралық сауда кеңселері, тұрғын үй және басқа да мәдени-спорттық кешендері бар жана қалашық тұрғызуды бастап кеткен. Әлбетте, Пусан көрме өткізу додасында жеңіске жетпегеніңіз өзінде бұл жобаның құрылысын толық аяқтайды, бұған сенім

Busan бағдарламасы үш бағытты қамтиды. Алғашқысы – табиғатпен үндестікте өмір сүру: бүгін және болашақтың басты міндеті – адамзат жаһандық климаттың өзгеруін жеңіп, Жер планетасында өркендегісі келсе, табиғатпен үйлесімге қол жеткізуі өте маңызды. Пусан бұл идеяны берік ұстана алған мекен. Сондықтан осы бағытта әлем халқына айтары көп.

Келесі бағыты – адамзатқа арналған технология. Жасанды интеллект сияқты технологиялық жетістіктер «Төртінші өнеркәсіптік революцияға» жол ашады. Бұл трансформацияның тостағанында бүкіл адамзат пайда көруі үшін инклюзивті және әділ даму шарт. Пусанда IT, электроника салалары қарқынды дамып жатыр. 2030 жылға дейін үлкен технологиялық серпіліс жасайтыны тағы бар. Сол үшін де бұл қала еш мүдірмен адамзатқа қолайлы технологиялық мүмкіндіктер жайлы ұзақ толғана алады. Және соңғысы әрі басым бағыты – экономикалық даму мен адамдардың әл-ауқаты арасындағы алшақтықты жою. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаһандық даму мен сауда-саттық миллиардтаған адамды кедейліктен шығарды, бірақ соңғы геосаяси ахуалдар әлем бойынша табысы төмен топтар мен жас ұрпақты әлсіз етіп отыр. World Expo Busan 2030 жылы осы бағытта түрлі шешім ұсынып, көшбасшы елдердің идея алмасуына жағдай жасауға ниетті. Бұл мақсатта түрлі халықаралық іс-шаралар жоспары да бекітілген.

P.S.

1928 жылы Халықаралық көрмелер туралы конвенцияға қол қойылған уақыттан бері әлемдік көрмелер дүниежүзіліктегі көшбасшы елдер бүгін мен болашақтың мәселесін шешетін ұсыныс айтып, идея алмасатын ортасы, техникалық және технологиялық жетістіктерін паш ететін бірегей платформа. Халықаралық көрме бюросының бас ассамблеясы биылғы қараша айында EXPO өтетін қаланы анықтайды. Пусанды таныстыру бейнеролігінде: «Баршаныңа таныс нәм бейтаныс мекенде өткен мен бүгін бірге өмір сүреді. Мұнда шығыс пен батыс тоғысады. Терең тарих пен ғажайыпқа толы болашақтың қаласына қозғайым бол» делінген. Ал мен Пусан – жаны бар қала дегенді қосар едім. Ол тұрмыстық мәселесін ебден шешкен, сол бұралан жолда түрлі кедергі мен қиындықты бастан кешкен, бүгінде болып-толған, адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай жасай алған, болашаққа айтары көп әрі оған толық хақы бар алшауыт мекен.

Астана – Пусан – Астана

ДАЛА СЫРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Астана қаласындағы Қуыршақ театрында елордалық руханият өкілдері мен кішкентай балдырғандарға «Дала сыры, тау жыры» атты бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем суретті жаңа кітап таныстырылды.



Еtage дизайн студиясы дайындап, «Шеврон» компаниясының қолдауымен жарыққа шыққан кітаптың бірнеше ерекшелігі бар. Біріншіден, кітап қазақ және орыс тіліндегі екі нұсқада жарық көріп отыр. Орыс тіліндегі нұсқасы «Тайны страны гор и степей» деп аталады. Екіншіден, кітап балаларға Қазақстанның алуан айшықты табиғат байлығын, оның қайталанбас сұлулығы мен нәзіктігін, жергілікті мәдениеті мен дәстүрлерін таныстыруды мақсат еткен. Сол себепті еліміздің балалар әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасып үлгерген жас жазушылардың қызықты хикаяттарға толы әңгімелері мен заманауи ертегілері бір жинақта ұсынылған. Әрбір шығарманың сюжеті балаларды өзіне елітіп, атамекеніміздің әртарапына саяхат жасауға, туған жердің сыры мен жырын, тылсым құпиясы мен тарихын тануға, білуге жетелейді. Бұл – жана кітаптың үшінші ерекшелігі.

Қуыршақ театрында өткен таныстырылымға Толымбек Әбдірайым, Зәур Төрехан, Серікбол Хасан сияқ-

ты балалар жазушылары мен акындары, Дархан Мынбай, Айгүл Мүкей және басқа да қоғам қайраткерлері мен медиа-тұлғалар, журналистер мен блогерлер, сондай-ақ жоба авторлары, «Шеврон» компаниясының өкілдері қатысты. Авторлар жоба тарихы мен оны жүзеге асыру барысы туралы айтып, әріптестерінің сауалдарына жауап берді.

«Қазақстандықтардың сапалы білім алу, денсаулық сақтау мүмкіндіктерін кеңейтіп, кәсіпкерлік пен инновацияға жағдай жасау біздің бір мақсатымыз. Бүгін серіктестерімізбен бірге ұсынып отырған кітабымыз балалардың оқуға құштарлығын арттырады, қоршаған ортаға қызығушылық оятады, ізденімпаз болып өсуіне жағымды ықпалын тигізеді деп сенеміз. Бұл мемлекет болашағы үшін өте маңызды», – деп қорытындылады «Шеврон» компаниясының еуразиялық бөлімшесінің корпоративтік байланыстар жөніндегі директоры Еркін Зікібаев.

К.ЕСІМ

ҚАЗАҚТЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН ЖАН

Қарағанды қаласындағы Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында айтыскер ақын, қоғам қайраткері Қуаныш Мақсұтовтың 60 жасқа толу мерейтойына арналған «Қазақтың жоғын жоқтадым...» атты кездесу кеші өтті.



Кеште жастар ақынның, сондай-ақ өз өлеңдерін оқып, ән шырқады. Мерейтой иесін Қарағанды облыстық өкімдігі Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, облыс өкімдігі Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев, Қарағанды қаласы өкімдігі Ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұржан Илияшев және «AMANAT» партиясының, Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің өкілдері арнайы құттықтап келді.

Нұрлан Бикенов «Сары тентектің» ұлт руханиятына қосқан үлесі қомақты екенін тілге тиек етті. «Жұрт сізді ақын, айтыскер, қоғам қайраткері, қоғам белсендісі ретінде жақсы біледі. Бұған дейін атқарған жұмыстарыңызды үлкендер жарыса айтып жатыр. Оның бәрі жастарға көрсетіп жатқан өнегеніз деп білемін. Соныңыздан ерген шәкірттеріңізге, бауырларыңызға жол

көрсетіп, ақыл-кеңес беріп келесіз», – деді басқарма басшысы.

Осынау кешті Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында өткізілуінің өзіндік себебі бар. Бұл жайында мерейтой иесінің өзі әңгімелеп берді.

«Жас кезімнен қасымда ақыл-шым, рухани ұстазым болған Жайық Бектұров еді. Ол – қазақтың асылдарын, Алаштың ардақтарының көзін көрген тұлға. Маған Ахметтің, Мағанның, Әлиханнның кім екенін, олардың бүкіл еңбегін таныстырған сол кісі еді. Ол уақытта Алаш арыстары жайлы еш жерде айтылмайтын. Сол кісінің аты берілген кітапханада аруағына тағзым етіп, бір жақсы шара өткізсем деп едім. Бүгін мерейлі сәт туыпты. Мақсатым өнерімді насихаттау емес, Қазақстанды нығайтып, елдің жақсыларын дәріптеу», – деді Қ.Мақсұтов.

Ә.ЖУМАНОВ,
Қарағанды облысы



қаланы «Кореяның жазғы астанасы» атап кеткен.

Пусанда 3,5 миллионға жуық тұрғын бар, манайындағы елді мекендерде халық саны 4 миллионнан асады. Қаладағы метроға күн сайын шамамен 1 миллионнан астам адам отырады. Пусан – халық саны бойынша да, экономикалық маңызы жөнінен де Кореяның Сеулден кейінгі екінші ірі қаласы. IT, электроника, кеме жасау және балық шаруашылығы белсенді дамып келе жатқан елдегі ең үлкен порты бар қала әрі іскерлік және курорттық орталық. Корея біржасы мен Халықаралық қаржы орталығы да осында орналасқан. Әртүрлі әлемдік спорттық және мәдени шаралар атқарудан тәжірибесі мол Пусан өз әлеуетін әлемге тағы бір мәрте таныту үшін енді EXPO көрмесін өткізуге ниетті. Бұл қала Рим (Италия), Одесса (Украина) және Эр-Риядпен (Сауд Арабиясы) бәсекеге түседі, басым түссе 2030 жылдың мамыр-қазан аралығында осы шараны өткізбек. Кербез мекенге келгендегі мақсатымыз – 2030 жылы өтетін World Expo Busan жоспарымен

мол. Өйткені Корея өз тарихында аз уақыттың ішінде алпауыт елге айнала алды. Оңтүстік Кореяның президенті Юн Сок Ель: «2030 жылғы дүниежүзілік көрмеге арналған трансформация бағдарламыз Кореяның соңғы тарихымен үндес. Біздің ұлт Корея соғысынан кейін өзін-өзі жетілдірудің шексіз қабілетін көрсете алды. Біз бірге заманауи өнеркәсіптік, технологиялық және мәдени орталық салдық. Бүкіл әлеммен өз тәжірибемізді бөлісуге ниеттіміз» деген болатын.

Ұйымдастыру комитетінің айтуынша, адамзаттың болашағы үшін жұмыла іс атқарудың және кез келген прогреске келергі болатын қажығстарды болдырмаудың маңызы артты. 2030 жылы өтетін әлемдік көрме осы мақсатта маңызды рөл атқармақ. Дүниежүзілік көрмеде COVID-19 пандемиясынан кейінгі әлемді қолайлы болашаққа бастайтын трансформациялық күштерге, сондай-ақ адамның өзгерістер жасау қабілетіне ерекше мән беріледі: «Біз әлемді қаз қалпында көрсету үшін ғана емес, оның қандай болу керектігін қалыптастыру үшін келдік». World Expo

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАФСАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемедер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4302
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114